«АСЫЛ МҰРА - ОРДА»
ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ

ОБЩЕСТВЕННЫЙ ФОНД
«АСЫЛ МҰРА - ОРДА»

Қызылорда облысы, Төле би 141 «А»
aizhan_erlankyzy@inbox.ru
Тел: +7 707 417 1989

Кызылординская область, ул. Толе би 141 «А»
aizhan_erlankyzy@inbox.ru
Тел: +7 707 316 4925

Конкурстық комиссия мүшелеріне

№15984498-ГС31 мемлекеттік сатып алынуының қорытындысы туралы хаттамасында:

Жобаны жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырған жағдайда — үкіметтік емес ұйымның **тиісті өңірдегі** жұмыс тәжірибесінің болуына «Сұңқар» әлеуметтік қамқорлық орталығы" қоғамдық қорына негізсіз 6 ұпай берілгендігін хабарлаймыз. Бұл ретте «Сұңқар» әлеуметтік қамқорлық орталығы" қоғамдық қорының аталған аумақта жұмыс тәжірибесінің 2016,2019,2021,2022 жж іске асыру жұмыс тәжірибесі бар болуына байланысты, яғни 4 ұпай берілуі қажет. Тиісті өңірдегі облыс көлемін қамтыған жобалар мен арнайы сол аумақта, яғни тиісті өңір (аудандағы) орындалған әлеуметтік жобаны есепке алу қажеттілігін қаперіңізге ұсынамыз.

Жобаны жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырған жағдайда — үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесінің болуына "Жалынды жастар" жастар ҚБ негізсіз 6 ұпай берілгендігін хабарлаймыз. Бұл ретте "Жалынды жастар" жастар ҚБ аталған аумақта жұмыс тәжірибесінің 2023,2024,2025 жж әлеуметтік жобаны іске асыру жұмыс тәжірибесі бар болуына байланысты, яғни 4 ұпай берілуі қажет. **Тиісті өңірдегі** облыс көлемін қамтыған жобалар мен арнайы сол аумақта, яғни тиісті өңір (аудандағы) орындалған әлеуметтік жобаны есепке алу қажеттілігін қаперіңізге ұсынамыз.

Жобаны жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырған жағдайда — үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесінің болуына "Қызық орда" шығармашылық тобы" қоғамдық қоры негізсіз 4 ұпай берілгендігін хабарлаймыз. Бұл ретте "Қызық орда" шығармашылық тобы" қоғамдық қоры аталған аумақта жұмыс тәжірибесінің 2016 ж әлеуметтік жобаны іске асыру жұмыс тәжірибесі бар болуына байланысты, яғни 2 ұпай берілуі қажет. Тиісті өңірдегі облыс көлемін қамтыған жобалар мен арнайы сол аумақта, яғни тиісті өңір (аудандағы) орындалған әлеуметтік жобаны есепке алу қажеттілігін қаперіңізге ұсынамыз.

Жобаны жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырған жағдайда — үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесінің болуына "Қармақшы Жастары" ЖҚБнегізсіз 6 ұпай берілгендігін хабарлаймыз. Бұл

ретте "Қармақшы Жастары" ЖҚБаталған аумақта жұмыс тәжірибесінің 2023,2025 жж әлеуметтік жобаны іске асыру жұмыс тәжірибесі бар болуына байланысты, яғни 4 ұпай берілуі қажет. Тиісті өңірдегі облыс көлемін қамтыған жобалар мен арнайы сол аумақта, яғни тиісті өңір (аудандағы) орындалған әлеуметтік жобаны есепке алу қажеттілігін қаперіңізге ұсынамыз.

Осы ретте, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 34-тармағының 2) тармақшасының 6-абзацына сәйкес мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген мемлекеттік қызметтер конкурсына қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушілер ұсынған конкурсқа қатысуға өтінімдерді бағалау үшін жобаны жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырған жағдайда үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесі өлшем шарттары негізінде балдарды есептейді. «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 2-бабының 2-тармағына сәйкес өңір – Қазақстан Республикасының мүддесі үшін құрылатын және басқарылатын, бірнеше елді мекен кіретін Қазақстан Республикасы аумағының бір бөлігі.

Республикалық әкімшілік-аумақтық құрылыстың негізгі буындары ретінде облыс, аудан және ауылдық округ өңірлер болып табылады. **Тиісті өңір** деп заңда бөлу мақсаты да осы ретте айқындалады, яғни облыс аумағын қамтыған шаралар немесе тиісті өңір (бұл ретте тек Шиелі ауданы, облыстық деңгейдегі басқармалардан орындалған кезде Шиелі ауданындағы шара да қамтылады), алайда өзге аудандардағы шаралар өңірге жатқызылғанмен, тиісті өңірге жатпайды.

Бұл ретте жоба Шиелі ауданында жүзеге асыруына байланысты осы аумақта орындаған шаралар жұмыс тәжирбесі ретінде есептелуі қажет. Осыған орай жарияланған конкурстарыңызда көрсетілген шараларға байланысты барлық ұйым Шиелі ауданынан өтінім ұсынғанын хабарлаймыз.

Конкурсқа өтінім берген ұйымдар құжаттарын қайта қарап, қорытынды нәтижесіне өзгеріс енгізуіңізді сұраймыз.

Назарыңызға рахмет.

Қор директоры **П. Әбдіғапбар**